

**АГРОТУРИЗМ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУДАҒЫ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ**

**AGRITOURISM AS A PROMISING DIRECTION FOR THE DEVELOPMENT
OF RURAL AREAS**

**АГРОТУРИЗМ КАК ПЕРСПЕКТИВНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ
РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ**

Р. ШОҚАН^{1*}

э.ф.к., қауымдастырылған профессор

М. КАМЕНОВА²

э.ф.д., профессор

Б. АЙМУРЗИНА³

э.ф.д., профессор

¹*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

²*«Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан*

³*Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан*

**автордың электрондық поштасы: roza-shokan@mail.ru*

R. SHOKHAN^{1*}

C.E.Sc., Associate Professor

M. KAMENOVA²

Dr.E.Sc. Professor

B. AIMURZINA³

Dr.E.Sc. Professor

¹*I.N. Gumilyov Eurasian national university, Astana, Kazakhstan*

²*«Turan-Astana» university, Astana, Kazakhstan*

³*Astana international university, Astana, Kazakhstan*

**corresponding author e-mail: roza-shokan@mail.ru*

Р. ШОҚАН^{1*}

к.э.н., ассоциированный профессор

М. КАМЕНОВА²

д.э.н., профессор

Б. АЙМУРЗИНА³

д.э.н., профессор

¹*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Университет «Тұран-Астана», Астана, Казахстан*

³*Международный университет Астана, Астана, Казахстан*

электронная почта автора: roza-shokan@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі туристік нарық жүйесіндегі Агротуризм ерекше орын алады. Қазақстанда ауыл туризмін ұйымдастыру және дамыту қазіргі әлемде болып жатқан жаһандану мен урбанизация үрдістерімен тікелей байланысты. Туристік индустрия - бұл ауылдық жерлерде ұйымдастырылуы мүмкін туризмнің бір түрі, ол тұтынушылар арасында танымал және сұранысқа ие болып келеді. Бұл сектор ауыл тұрғындарын шалғайдағы елді мекендердің аграрлық экономикасының өсуіне, экожүйелер мен мәдени құндылықтарды сақтауға, аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етудің төмен деңгейі, ауылдағы жұмыссыздық сияқты проблемаларды шешуге ықпал ететін өзге де қызмет түрлеріне қайта бағдарлауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Аграрлық туризмге айтарлықтай көңіл бөлінген. Мақалада оның теориялық және практикалық негіздеріне, ауылдық елді мекендердің әлеуетті мүмкіндіктеріне әсер етуге баса назар аударылады. *Мақсаты* – ауыл тұрғындарының әлауқатын қамтамасыз ету тетігі ретінде туристік қызметтер ауқымын кеңейту факторлары

Түйінді сөздер: ауылдық аумақтар, агротуризм, ауылдық туризм модельдері, ауыл тұрғындары, еңбек нарығы, жұмыспен қамту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым, экожүйелер.

Key words: rural areas, agritourism, rural tourism models, rural residents, labor market, employment, social and engineering infrastructure, ecosystems.

Ключевые слова: сельские территории, агротуризм, модели сельского туризма, сельские жители, рынок труда, занятость, социальная и инженерная инфраструктура, экосистемы.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында туризм саласын дамыту мәселесі мемлекеттік деңгейде қарастырылып отырған мәселе екендігі белгілі. Бұл шын мәнінде кездейсоқ мәселе емес. Туризм саласы әлеуметтік және гуманитарлық сипаттағы функцияларды орындаудан басқа, ол экономикалық сала тұрғысынан да қарастырылады. Туризм жеке туристік кәсіпорының мәселесі болған уақыт артта қалып отыр. Туризм – экономиканың жиырмадан астам саласының мүдделері және мәселелерімен тығыз байланысты сала.

Туризм саласының негізгі қызмет көрсету салаларымен, оның ішінде қонақ үй, тамақтану, көлік және тасымалдау салаларынан басқа қосымша салалардың, яғни сақтандыру, байланыс, анимациялық қызмет, сауықтыру мен спорт және т.б. салалардың қызметіне тәуелділігі бар. Сондықтан туризмді дамыту кешенді мемлекеттік тәсілді қажет етеді деп айтуға болады.

Ел экономикасын дамытудағы перспективалы бағыттардың бірі – агротуризмді дамыту болып танылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №360 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында агротуризмді дамытуға назар аударылған.

Бағдарламаға сәйкес агротуризм дегеніміз – келуші қонақтарға орналасу, демалу, тамақтану, экскурсиялық қызмет көрсету бойынша, олардың бос уақыты мен спорттық іс-шараларды, балық аулау мен аңшылықты ұйымдастыру, білім мен дағды алу, сондай-ақ ауылдық жерде туризмнің белсенді түрлерімен айналысуға мүмкіндікті қалыптастыру мен ұсынуды көздейтін салыстырмалы түрде жаңа және перспективалы бағыт болып табылады [1].

Экологиялық таза ортада, табиғи азық-түлікті тұтыну мен ауылдық елді мекендердегі тұрмыс-тіршілікті агротуризмнің басты ерекшелігі ретінде сипаттауға болады. Бұл қоршаған ортаны қорғаудың тиімді құралы әрі жергілікті аумақтағы әлеуметтік, экономикалық сипаттағы міндеттерді шешудің тетігі ретінде қарастырылу керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Авторлар тарапынан жүргізілген зерттеудің ақпараттық базасын ашық қолжетімділік базаларында және unwto.org, znanium.com, elibrary.ru, эбс Лань тәрізді платформа-ларда орналастырылған мақалалар, ғылыми еңбектер мен оқулықтар құрады.

Зерттеу барысында туризм саласын ұйымдастыру және басқаруға бағдарланған Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік құрылымдарының ресми ақпараттары, негізгі құқықтық актілері (бұйрықтары, бағдарламалары) және статистикалық қызметтің ресми деректері қолданылды.

Ғылыми және мерзімді әдебиеттердегі материалдарды талдау арқылы «агротуризм» ұғымының ерекшеліктері тұжырымдалды. Агротуризм түрімен байланысты басқа да туризм түрлері жіктелді.

Жұмыстың негізгі міндетіне қол жеткізу мақсатында жалпы ғылыми әдістер шеңберінде сипаттау, салыстыру, библиографиялық талдау, логикалық талдау, тұжырымдау мен жалпылау тәрізді әдістер қолданыс тапты. Мақаланың әдістемелік негізі агротуризмді дамытудың халықаралық тәжірибесін жан-жақты талдау, агротуризм модельдерін қарастыру болды. Жүйелік-құрылымдық әдіс агротуризм саласындағы оңтайлы бағыттардың жұмыс істеуінің сәтті мысалдарын көрсету үшін қолданылады. Абстрактілі-логикалық әдісті қолдана отырып, аралық және қорытынды тұжырымдар мен ұсыныстар тұжырымдалған.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Өңірде агротуризммен айналысатын шағын, орта бизнесті қалыптастыруға және дамытуға, жергілікті аумақтарда қызмет көрсету салаларын (қонақ үй, тамақтандыру, анимациялық, тасымалдау) ұйымдастыруға, ақпараттық қолдауға және агротуризм өнімдерін нарықта ілгерілетуге бағытталған құралдарды анықтаған жөн.

Қазақстан аграрлық республика ретінде саналатындықтан, басқа туризм түрлерін дамытуға қарағанда агротуризмді дамыту үшін жеткілікті қаржылық салымды талап етпеуі мүмкін. Себебі, қалыптасқан ауылдық аумақтардың әлеуетін пайдалану арқылы саланы дамытудың мүмкіндіктері

жоғары. Жергілікті ауыл шаруашылық қызметтеріне маманданған шаруашылық субъектілердің шеңберінде агротуризмді ұйымдастыруға болады.

Агротуризм ауылдық аумақтардағы ен-жар демалыспен бірге, ауыл шаруашылық жұмыстарына араласу, жергілікті гастрономияны, қол өнершілікті дамыту, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ұйымдастырылатын экскурсияларға қатысу сипаттарында ұйымдастырылады.

Агротуризм саласындағы қызметті диверсификациялау арқылы этнотуризм, экотуризм немесе «жасыл» туризм түрлерін дамыту нәтижесінде нақты өңірдің немесе ауылдық елді мекеннің брендин қалыптастыруға мүмкіндік бар. Ол тікелей ойластырылған бизнеске, маркетингке және ұйымдастырушылық стратегияларға байланысты болады.

Агротуризмді дамыту қандай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді дейтін болсақ, біріншіден, агротуризм ұйымдастырылған өңірдің дамуына; екіншіден, өңірдің оң бейнесін қалыптастыруға; үшіншіден, жергілікті тұрғындардың жұмысбастылығын арттыруға; төртіншіден, табиғи өнімдердің өндірісі мен сұранысын арттыруға және қалыптастыруға; бесіншіден, жергілікті бизнес субъектілерінің қызметін жандандыруға ықпал етеді.

Агротуризм дамуының негізгі қозғаушы күші табиғи-туристік объектілері бар аумақтарда (табиғи ескерткіштер мен ресурстар) демалуға бағытталған сұраныстың артуы болып табылады. Халықтың едәуір бөлігі мұндай демалыстың төмен экономикалық шығындарына қанағаттанады. Бұл сұранысты қанағаттандыруға және онымен бірге агротуризмді дамытудың оңтайлылығы рекреациялық кеңістіктің қоршаған ортасының сапасына байланысты екені сөзсіз.

Ауылдық өңірлердегі рекреациялық өнімнің қалыптасуы жақсы сақталған табиғи аумақтары бар, барлық қолайлықпен, инфрақұрылымы қалыптастырылған қызмет көрсету орындары бар ауылдық елді мекендерде ұйымдастырылады. Елді мекендердегі ауылдық өмір салты, жергілікті әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, мәдени мұра элементтері агротуризм өнімін қалыптастырудың ресурстары ретінде қарастыруға болады.

Агротуризм ұғымының, туризмнің бір түрін сипаттайтын категория ретінде қалыптасу жағдайларына библиографиялық талдау жасайтын болсақ, агротуризмнің Еуропа құрлығындағы ауыл шаруашылық моделінің дағдарысқа ұшырау кезеңімен

байланысты екенін көруге болады [2]. Жиырмамыңшы ғасырдың 70-жылдарында еуропалық елдерде ауылдық елді мекендердегі жергілікті өндірушілердің өндірген өнімінің ешкімге керексіздігі тәрізді жағымсыз тенденцияларға тап болды, жергілікті тұрғындардың ауылдық елді мекендерден жаппай қалаға қоныс аудару жағдайлары басталды.

Еуропалық құрлықта қалыптасқан дағдарыстық жағдайдан шығудың жолдары қарастырылып, ауыл шаруашылық экономикасының өсімі үшін жергілікті тұрғындарды қызметтің жаңа түрлеріне мамандану шаралары ұсынылған. Агротуризм – осындай шаралардың бір түрі ретінде қарастырылды. Осы саясаттың нәтижесінде ауылдық елді мекендердің табыстарының өсуі, жергілікті инфрақұрылымның тиімді дамуы және аумақтағы жұмыссыздықтың азаюы тәрізді оң тенденцияларға қол жеткізілген.

Еуропалық ауыл шаруашылық нарығында қалыптасқан дағдарыс агротуризмнің дамуына алғышарт болды. Осы саланы зерттеушілердің бір тобы «агротуризмді-экономиканың аграрлық секторын қайта құрылымдауда әлеуметтік амортизатор ретінде» қарастырған [3]. Агротуризм түрінің теориялық мәселелерімен айналысқан авторлар, ауыл туризмінің теориясы мен тәжірибесін дамытудағы аппараттық түсінікті тұжырымдауға тырысқан [4]. Саланы зерттеушілердің келесі тобы, агротуризм түрлерінің бір-бірінен айырмашылықтарын сипаттай отырып, ауыл және аграрлық туризм түрлеріне авторлық анықтамалар ұсынған [5].

Агротуризм саласының мәселелерімен айналысқан келесі бір автор, туризмнің арнайы түрлеріне назар аудара отырып, агротуризмді (ауыл туризмі, rural tourism) экологиялық таза (қалалық елді мекендерге қатысты) аудандарда демалуды және/немесе ойын-сауық ұйымдастыру мақсатында туристердің ауылдық жерлерге келуі деп сипаттайды [6].

Ол агротуризмнің дамуының, таралуының және уақыт өткен сайын танымал болуының алғышарттары ретінде урбанизация деңгейінің жоғарылауы, көптеген адамдар үшін арзан бағамен демалу мүмкіндігі, экологиялық таза және пайдалы жаңа өнімдермен тамақтану мүмкіндігі – деп көрсетеді. Туристік қызметті тұтынушылардың агротуризмді таңдаудағы негізгі мотивтері ретінде келесілерді санауға болады:

– қымбат сәнді курортта немесе қонақ үйде демалу үшін қаражаттың болмауы;

– ауылдық жерлерде қалыптасқан өмір салты;

– дәрігердің ұсынысы бойынша климаттық ортадағы сауықтыру қызметіне қажеттілік;

– табиғатқа жақындық және таза ауада, табиғи ортада уақыт өткізу мүмкіндігі;

– экологиялық таза өнімдерді тұтыну мүмкіндігі;

– басқа мәдениет пен әдет-ғұрыпқа қосылу мүмкіндігі (жергілікті жағдайлардағы).

Агротуризм саласын зерттеушілердің бірқатары агротуризм, экотуризм, этнотуризм, эзотуризм ұғымдары бір қатарда айтылу керектігін және аталмыш ұғымдардың арасындағы айырмашылық болмау керектігін көрсеткен. Агротуризмді экотуризмнің бір түрі деп қарастыратын болсақ, агротуризмді типтік жіктемесі тұрғысынан қарастырсақ, онда агротуризм экотуризмнің бір түрі болып саналады.

Экотуризмнің құраушы элементтері ретінде агротуризм, агроэкотуризм, тұрақты туризм және «жасыл» туризмді қарастыруға болады. Қарастырылып отырған туризм түрлерін біріктіру, негізінен аталмыш туризм түрлерін ұйымдастырғанда қоршаған ортаға барынша төмен әсер ететін технологияны қолдану жағдайларына байланысты.

Агротуризм – ауыл шаруашылық жұмыстарына қатысу, ауылдық тұрмыс тіршілікпен танысу, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші фермалардың қызметімен танысу және ауылдық аумақтарда демалыс пен саяхатты ұйымдастырумен байланысты ауылдық елді мекендердегі табиғи, тарихи-мәдени және басқа да ресурстарды туризм мақсатында қолдану.

Агротуризм халықтың әртүрлі топтарының сұраныстарын қанағаттандыра алатын, дербес қозғалыстың, бос уақытты жеке ұйымдастыруды және жергілікті ауыл шаруашылық ресурсын пайдалану ерекшеліктерімен және дәстүрлі ауыл өмірімен танысуға мүмкіндік беретін танымдық бағдарламаларды көздейтін, әлеуметтік бағдарланған туризм болып саналады. Сонымен қатар, туризмнің бұл түрі табиғатқа қолайлы ауыл шаруашылық әдістерін дамытудың экономикалық алғышарттарын қалыптастырады, демалушылар үшін негіз болып табылатын агро және табиғи ландшафттарды сақтауды ынталандырады.

Әлемде ауылдық экологиялық туризмге деген қызығушылық үнемі артып келеді. XX ғасырдың ортасында Еуропада, Америкада және Азияда демалыстың ұлттық стандарттары қалыптасу үрдісінен өтті. Демалыстың еуропалық, америкалық және

азиялық үлгілерінің арасында біршама айырмашылықтар қалыптасқан.

Еуропалық демалыстың үлгісі 3 «L» жүйесіне (landscape, lore, leisure – пейзаж, дәстүр, демалыс); демалыстың америкалық үлгісі 3 «S» жүйесімен (sun, sea, sand – күн, теңіз, құм) байланыстырылады. Тұтынушылардың көпшілігінің санасындағы өзгерістерді, олардың қайта бағдарлануынан байқауға болады [7].

Жоғарыдағы демалыстың екі үлгісінде де қызмет үшін қолданылатын ресурстардың басты ерекшелігі – табиғилық. Демалыстың осы түрі адамдар үнемі ластанған ауа мен судың, шу мен әлеуметтік қақтығыстардың әсерін сезінетін қалалық тіршіліктен туристерді өзіне тартады, бұл өркениеттің игіліктерінен шаршауды, адам өмірінің табиғи ортамен байланысқа түсуге деген ұмтылысты, әртүрлі қауымдастықтардың мәдени-этникалық дәстүрлерін жақсы білуге деген ұмтылысты тудырады. Ал, қазіргі күні жаңа әмбебап әлемдік демалыс үлгісі 3 «E» (entertainment, excitement, education- ойын-сауық, толқу, білім) қалыптасты [қараңыз 2].

Туристік қызметті тұтынушылардың қаржылық қолжетімділігі туризмнің басқа түрлеріне қарағанда агротуризм түрінде салыстырмалы түрде төмен. Қажетті туристік инфрақұрылымның (қонақүйлер, мейрамханалар және басқа да қызмет көрсету орындары) бір туристке және пайданың әр ақша бірлігіне шаққандағы көлемінің аздығына байланысты туризмнің бұл түрі ресурс сыйымдылығының төмендігімен ерекшеленеді [8].

Агротуризмнің мәселелерімен айналысқан ғалымдардың кейбір тобы агротуризмге тән бірнеше белгілерге назар аударды [9], олар:

- тур өнімді таңдаудағы дербестік, үй шаруашылығы мүшелерімен немесе достармен бірге туристік қызметті тұтыну мүмкіндігі;
- турдың ұзақтығы;
- тур бағдарламасының элементтеріне өзгеріс енгізу мүмкіндігі;
- тұлғаның агротуризмді таңдауға деген ішкі уәждемесі;
- өмірлік белсенділіктің артуына негізделу;
- жаңа білім, көңіл күй және естеліктерге ие болу мүмкіндігі.


Ал, осы саланы зерттеушілердің тағы бір өкілі агротуризм саласының стратегиялық және тактикалық мақсаттарына тоқталған. Агротуризмді дамыту арқылы жергілікті халықтың өмір сүру сапасын арттыру агротуризмнің стратегиялық мақсаты ретінде қарастырылса, ауылдық елді ме-

көндердегі барлық ресурстардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, ресурстарды агротуристік сектордың табыстылығы үшін пайдалану және оның жоғары тиімді әрі бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесі агротуризмнің тактикалық мақсаты деп сипаттайды [қараңыз 2].

Туристік қызметтің субъектісіне бағдарланған агротуризмнің мақсатын нақтылауға бағытталған еңбектің авторы, келесідей сипаттама жасаған. Олар: ауылдық мәдениетпен танысу; тұлғаның психологиялық ты-

нышталуы мен жаңа қызмет түрлерін меңгеру. Агротуризмнің мақсаттары ауыл шаруашылық өндірісін дамыту және туристің әр түрлі кәсіпкерлік қызметтің өнімін тұтыну мүмкіндігінің қалыптасуын көрсетеді.

Агротуризмнің қалыптасу ерекшеліктеріне сәйкес төрт туризм моделі қолданысқа енді. Агротуризм саласының мәселелерімен айналысушы ғалымдар, агротуризмнің дамуының төрт моделін бөліп қарастырған (сурет).



Сурет – Агротуризмді ұйымдастыру модельдері [10]

Агротуризм моделіне тән ерекшеліктерді қарастыратын болсақ, Еуропа үшін агротуризм негізінен ауыл шаруашылық өндірістегі дағдарыс салдарын жоюдың тетігі ретінде қалыптасты. Мамандар еуропалық агротуризмнің дамуының бірнеше «толқындарын» бөліп қарастырды. Бірінші кезеңді немесе «толқынды» агротуризмнің әмбебап моделі (британдық, немістік, итальяндық, француздық) шеңберінде қалыптасқан классикалық үлгі ретінде сипаттайды. Ал, екінші кезең немесе «толқын» Болгария, Венгрия, Греция, Польша және Румыния тәрізді елдерде агротуризмнің пайда болуы, сонымен қатар тарихи, мәдени және этникалық сипаттамалары бар агротуризм баламаларының қалыптасуымен ерекшеленген.

Жалпы, агротуризмнің еуропалық үлгісінде шағын ауылдық қонақ үй шаруашылықтарын дамыту, фермерлік үйлерді ұйымдастыру, жазғы үйлер мен жеке орналастыру орындарын жалға беру, туристік қызметті тұтынушылардың өз-өздеріне қызмет көрсетуі (тамақ пісіру, балық аулау, ауылдық жәрмеңкелер мен фестивальдарға қатысу), ұлттық парктер мен курорттық аумақтарда орналасқан ауылдық елді мекендерде өмір сүру; ауыл шаруашылық өнімдерін (шарап, зәйтүн майы, теңіз өнімдері) өндіруге маманданған объектілердің жұмысымен танысу және өнім өндіруге қатысу; ұлттық және жергілікті аумақтардағы қолөнершілікпен танысу мүмкіндіктері қалыптасқан.

Еуропа елдерінде агротуризм саласындағы саясаттың екі алғышарты қалыптасқан. Біріншісі, туризм саласындағы жалпы заңнамалардан басқа «агротуризм» түріне

арналған арнайы жарлықтар мен ережелер қабылданған. Мысалы, Испанияда (он жеті түрлі құжат бар), Италияда және Грецияда агротуризм саласын реттеуге бағытталған құқықтық құжаттар қабылданған [11]. Екіншіден, Еуропалық одақ елдерінің көпшілігінде ауылдық туризм түрін реттеуге бағытталған арнайы құқықтық база жоқ.

Ауыл туризмі терминін туристік өнімді жарнамалау мен нарықта жылжыту үшін қолданады. Еуропалық елдерде ауыл туризмі танымалдылығы бойынша жағажай туризмінен кейін екінші орын алады. Қазіргі уақытта Еуропада жалпы туристік индустрия табысының 20%-ға жуығы агротуризм саласына тиесілі.

Ауыл туризмін дамытуға арналған жобалар туризмді, экономиканы, ауыл шаруашылығын және ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған арнайы бағдарламалардың есебінен қаржыландырылады. Ал, мемлекеттер деңгейінде мақсатты бағдарламалар, мамандандырылған қорлар, мақсатты субсидиялар есебінен агротуризм саласына қаржы бөлінуі мүмкін.

Еуропада ауылдық туризм туристік қызмет көрсету сегменті ретінде ғана емес ағартушылық қызмет көрсету бағытында да даму үстінде. Агротуристік шаруашылықтар келушілерге танымдық немесе ағартушылық сипаттағы қызметтерді көрсете алады, бұл өңірлік туристік нысандардың тартымдылығын жоғарылатуға әсер етеді және білім беру мекемелерімен де өзара тиімді әріптестікке қол жеткізуі мүмкін. Ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен фермалары мектептің немесе университеттің білім алушылары үшін ағартушылық мақсатта қолданылуға болатын ресурстарға ие.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындары орналасқан жерлерде туристік-экскурсиялық қызметке қатысушыларға өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы немесе ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен өңдеу бағыттары бойынша білім беруге толық мүмкіндік бар. Мысалы, Польшада 2014 жылдан бастап, егер ферма білім беру қызметімен айналысқысы келсе және мұндай қызметтің сапасын ресми растағысы келген жағдайда, ол патенттік ведомстводан патент алуға және қауымдастықтың мүшесі болуға міндетті [12].

Англо-америкалық агротуризм моделіне сәйкес туристік қызметті тұтынушылар ауылдық аумақтарда орналасқан үйлерде немесе өзі-өзіне қызмет көрсете отырып, дербес үйлерде орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Агротуризмді ұйымдастырудың азиялық моделі 1990 жылдардан бастап қалыптасып, дами бастады. Агротуризм қала маңы аумақтарды, жоғары технологиялық ауыл шаруашылық және агроөнеркәсіптік саябақтарды дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Осы модельге сәйкес агротуризм ауыл шаруашылық парктерін құру; жергілікті қолөнершілікті, ауылдық өмір сүру стилін насихаттау арқылы дамыды.

Азия елдерінде дамыған «home stay» деп аталатын модель бойынша туристер ауылға келіп, жергілікті тұрғындардың отбасыларына қоныстанады, ал, ауыл тұрғындары тарапынан тамақтандыру, орналастыру, тасымалдау (велосипедпен, атпен, пілмен басқа да ауылдық өңірде тараған тасымалдау құралдарымен) қызметтері ұсынылады.

Қала тұрғындарының танымдық қажеттіліктері қанағаттандырылып қана қоймай, сонымен қатар Азия елдеріндегі ауылдық елді мекендердің дамуына үлес қосылады: жергілікті тайпалар мен халықтардың тұрмысы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары сақталады, ауыл тұрғындары мен қала тұрғындарының қарым-қатынасының үйлесімділігі қамтамасыз етіледі, жергілікті тұрғындардың тұрмыс деңгейі көтеріледі. Сонымен қатар, ауылдық туризмді дамыту Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің мәдениеттерінің алуан түрлілігін сақтаудың және ұлттық дәстүрлерін болашақ ұрпаққа жеткізудің стратегиясына айналуға [13].

Сонымен, агротуризмнің теориялық және тәжірибелік аспектілеріне жасалған талдаулар, ауылдық аумақтарда агротуризмді дамытудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Ал, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын ұлттық статистика мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі уақытта мемлекетте 19 125,6 мың адам өмір сүреді, оның 59,3%-ы немесе 11 335,8 мың адамы қалаларда,

40,6%-ы немесе 7 769,8 мың адамы ауылдық аумақтарда өмір сүріп жатыр.

Ауылдардағы халықтың жалпы санының ішінде белсенді еңбек нарығына жарамды, 16-62 жас аралығындағы адам саны 4,4 млн 2021 жылы еңбек нарығында жұмыспен қамтылған адамдар саны 8 807,1 мың болса, оның 59,3%-ы немесе 5 222,7 мың адамы қалаларда, 40,7%-ы немесе 3 584,4 мың адамы ауылдық елді мекендер аумағында жұмыс істейді. Ал, республика бойынша 2021 жылы еңбек нарығында 449,6 мың адам жұмыссыз болса, оның 59,8%-ы немесе 269,0 мың адамы қалаларда, 40,2%-ы немесе 180,7 мың адамы ауылдық елді мекендерде тіркелген [14].

Сандық көрсеткіштер ауылдық елді мекендердегі еңбек нарығы индикаторларының жалпы республикалық көрсеткіштерден төмен екендігін көрсетуде. Осы орайда, ауылдық аумақтардағы жұмыссыздықты, жұмыс орнының тапшылығын жоюдың көзі ретінде агротуризмді дамытудың болшағы бар.

Сонымен қатар, мемлекеттің ауыл шаруашылық әлеуетінің жеткіліктілігіне қарамастан, бизнес түрі ретінде ауылдық туризмді дамытуды тежейтін факторлар бар. Олар ауылдық туризмді қолдау саласындағы нормативтік-құқықтық базаның жоқтығы; туристік инфрақұрылым объектілерінің жеткіліксіздігі; елді мекен тұрғындарының туристерді қабылдауға қауқарсыздығы; ауылдық жерлерде демалысты ұйымдастыру мүмкіндігі туралы ақпараттандыру жүйесінің болмауы және ауылдық елді мекендерге туристерді тартуға бағдарланған шаралардың болмауы және т.б. [15].

Агротуризм еңбек нарығының мәселелерін тиімді шешумен қатар, әлеуметтік, экологиялық мәселелердің де оңтайлы шешіміне қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігін, агротуризм саласын қалыпты дамытуға ден қойған мемлекеттердің тәжірибелері көрсетіп отыр.

Қорытынды. Агротуризмнің теориялық және тәжірибелік негіздерін зерделеу төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Туризм – экономиканың жиырмадан астам саласының мүдделері және мәселелерімен тығыз байланысты сфера. Туризм – қонақ үй, тамақтану, көлік және тасымалдау салаларынан басқа қосымша салалардың яғни сақтандыру, байланыс, анимациялық қызмет, сауықтыру, емдеу мен спорт және т.б. салалардың қызметтеріне тәуелділігі бар.

2. Ауылдық аумақтардың әлеуетін пайдалану арқылы агротуризм түрін дамытудың мүмкіндіктері жоғары. Елді мекендердегі ауыл шаруашылық қызметтеріне маман

данған шаруашылық субъектілердің шеңберінде агротуризмді ұйымдастыруға болады.

3. Агротуризм ауылдық аумақтарда ұйымдастырылатын демалыспен бірге, ауыл шаруашылық жұмыстарына араласуға, жергілікті гастрономияны, қол өнершілікті дамытуға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ұйымдастырылатын экскурсияларға қатысуға мүмкіндік береді.

4. Агротуризм – ауылдық елді мекеннің дамуына; өңірдің оң бейнесін қалыптастыруға; жергілікті тұрғындардың жұмысбастылығын арттыруға; табиғи өнімдердің өндірісін ұйымдастыруға және тұтынушылық сұранысты арттыруға; жергілікті бизнес субъектілерінің қызметін жандандыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы [Электрондық ресурc]. – 2019. – URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (қаралған күні: 22.12.2022).

[2] Панюков, А.И. Основы агротуризма: учебник/А.И. Панюков, Ю.Г. Панюкова, В.Л. Калинин.-М.: Магистр: ИНФРА-М, 2023.-240с.

[3] Басков, В. Сельское сообщество 21 века: Устойчивость развития/ В. Басков, А. Камянчук.- Ирбит: Изд.дом «Печатный вал», 2008.- 180с.

[4] Никитина, О.А. Уточнение понятийного аппарата в развитии теории и практики регионального сельского туризма/ О.А. Никитина, Е.П. Кушнарченко // Вестник Чувашского университета. - 2010. - №4. - С. 400-405.

[5] Гварлиани, Т.Е. Сельский и аграрный туризм как специфические виды туризма/ Т.Е. Гварлиани, А.Н. Бородин // Пространство экономики. - 2011. - №9(4-3). - С. 61-65.

[6] Бабкин, А.В. Специальные виды туризма: учеб. пособие/ А.В. Бабкин Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. - 252с.

[7] Дурович, А.П. Организация туризма: учеб. пособие /А.П. Дурович, Н.И. Кабушкин, Т.М. Сергеева.-М.: Новое знание, 2003.- 632с.

[8] Коробова, О.П. Агротуризм как стимул развития сельских территорий / Коробова О.П. // Архитектура и строительство, - 2019.- №3.- С. 99-104.

[9] Войтюк, М.М. Организация сельского туризма. Практические рекомендации по организации альтернативной занятости сельского населения. Вып.5 / М.М. Войтюк. - М.: ФГНУ «Росинфомагротех», 2012.- 120с.

[10] Воскресенский, В.Ю. Международный туризм: учеб.пособие / В.Ю. Воскресенский. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2008.-255с.

[11] Имескенова, Э.Г. Сельский туризм: научно-практические рекомендации / Э.Г.

Имескенова и др.- Улан-Удэ: Бурятская государственная сельскохозяйственная академия им. В. Р. Филиппова, 2021.-73с.

[12] Аналитический обзор стратегий и практического опыта некоторых Европейских стран в развитии сельского туризма [Электронный ресурc]. – 2019. – URL: https://www.xn-e1aecaeeognkjghcsq1m.xn--p1ai/assets/files/recommendations_project (дата обращения 19.03.2023)

[13] Оришев, А.Б. Агротуристский бизнес в странах Юго- Восточной Азии / А.Б. Оришев //Бизнес и дизайн ревью.-2018.-№3(11).-С.1-12.

[14] 2021 жылғы алдын ала деректер [Электрондық ресурc]. – 2021. – URL: <https://www.stat.gov.kz/edition/publication/collection> (қаралған күні: 02.01.2023).

[15] Ешенкулова, Г.И. Привлечение туристов в сельский туризм в регионах Казахстана/ Г.И. Ешенкулова, Р.Е. Агыбетова, А.С. Омарова, А.Г. Гиззатжанова //Научные стремления. – 2018. – №24. – С.106-112.

References

[1] Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы [Resolution No. 360 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated May 31, 2019 on approval of the state program for the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2019-2025] (2019). Available at: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (date of access: 22.12.2022) [in Kazakh].

[2] Panjukov, A.I., Panjukova, Ju.G., Kalinichev, V.L. (2023). *Osnovy agroturizma: uchebnik* [Fundamentals of agritourism: textbook]. Moscow.: Magistr: INFRA-M, 240 [In Russian].

[3] Baskov, V.& Kamjanchuk, A. (2008). *Sel'skoe soobshhestvo 21 veka: Ustojchivost' razvitija* [Rural Community 21st Century: Sustainability]. Irbit: Izd.dom «Pechatnyj val», 180 [In Russian].

[4] Nikitina, O.A. & Kushnarenko, E.P. (2010). *Utochnenie ponjatijnogo apparata v razvitii teorii i praktiki regional'nogo sel'skogo turizma* [Refinement of the conceptual apparatus in the development of the theory and practice of regional rural tourism]. *Vestnik Chuvashskogo universiteta - Bulletin of the Chuvash University*, (4), 400-405 [In Russian].

[5] Gvarliani, T.E. & Borodin, A.N. (2011). *Sel'skij i agrarnyj turizm kak specificheskie vidy turizma* [Rural and agricultural tourism as specific types of tourism]. *Prostranstvo jekonomiki - Economy space*, 9, 4-3, 61-65 [In Russian].

[6] Babkin, A.V. (2008). *Special'nye vidy turizma* [Special types of tourism]. Rostov-na-Donu: Feniks, 252 [In Russian].

[7] Durovich, A.P., Kabushkin, N.I., Sergeeva, T.M. (2003). *Organizacija turizma: ucheb-*

noe posobie [Organization of tourism: textbook]. Moscow: Novoe znanie, 632 [In Russian].

[8] Korobova, O.P. (2019). Agroturizm kak stimul razvitiya sel'skikh territorij [Agritourism as a stimulus for the development of rural areas]. *Arhitektura i stroitel'stvo - Architecture and construction*, (3), 99-104 [In Russian].

[9] Vojtkuk, M.M. (2012). Organizacija sel'skogo turizma. Prakticheskie rekomendacii po organizacii al'ternativnoj zanjatosti sel'skogo naselenija [Organization of rural tourism. Practical recommendations for organizing alternative employment for the rural population. Release 5.]. Moscow: FGNU «Rosinfomagro-teh», 120 [In Russian].

[10] Voskresenskij, V.Ju. (2008). Mezhdunarodnyj turizm: ucheb.posobie. 2-e izd., pererab. i dop. [International tourism: study guide. 2nd ed., revised and additional]. Moscow: JuNITI-DANA, 255 [In Russian].

[11] Imeskenova, Je.G. (2021). Sel'skij turizm: nauchno-praktichesie rekomendacii [Rural tourism: scientific and practical recommendations]. Ulan-Udje: FGBOU VO «BGSHA im. V.R. Filippova», 73 [In Russian].

[12] Analiticheskij obzor strategij i prakticheskogo opyta nekotoryh Evropejskih stran v

razviti sel'skogo turizma [Analytical review of strategies and practical experience of some European countries in the development of rural tourism] (2019). Available at: https://www.xn--e1aeaeegnklghcsq1m.xn--p1ai/assets/files/recommendations_project (date of access: 19.03.2023) [in Russian].

[13] Orishev, A.B. (2018). Agroturistskij biznes v stranah Jugo-Vostochnoj Azii [Agro Tourism business in Southeast Asia]. *Biznes i dizajn revju – Business and design review*, 11, 3, 1-12 [in Russian].

[14] 2021 zhylfy aldyn ala derekter / Statistikalық zhylnama / қазақ және орыс тilderinde / 128 бет [Preliminary data for 2021 / Statistical yearbook / in Kazakh and Russian languages / 128 pages] (2021). Available at: <https://www.stat.gov.kz/edition/publication/collection> (date of access: 02.01.2023). [in Kazakh].

[15] Eshenkulova, G.I., Agybetova, R.E., Omarova, A.S., Gizzatzhanova A.G. (2018). Privlechenie turistov v sel'skij turizm v regionah Kazahstana [Attracting tourists to rural tourism in the regions of Kazakhstan]. *Nauchnye stremeniya–Scientific aspirations*, 24, 106-112 [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Шоқан Роза – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; «Туризм» кафедрасының доценті; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; 010008 Сәтпаев көш., 2, Астана қ., Қазақстан; e-mail: roza-shokan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1005-3769>.

Каменова Мазкен; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Дизайн, сервис және туризм» кафедрасының профессоры; «Тұран-Астана» университеті; 010000 Дүкенұлы көш., 29 Астана қ., Қазақстан; e-mail: mazken_kamenova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2018-521X>

Аймурзина Баглан; экономика ғылымдарының докторы, профессор; Экономика жоғары мектебінің профессоры; Астана халықаралық университеті; 010000 Қабанбай батыр даңғ., 8, Астана қ., Қазақстан; e-mail: aimurzina@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2625-7989>.

Information about the authors:

Shokhan Roza – The main author; Candidate of Economic Sciences, Associate Professor; Associate Professor of the Department of Tourism; I.N. Gumilyov Eurasian national university; 010008 Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan; Kazakhstan; e-mail: roza-shokan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1005-3769>

Kamenova Mazken; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Department of Design, service and tourism; «Turan-Astana» University; 010000 Dukenuly str., 29, Astana, Kazakhstan; e-mail: mazken_kamenova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2018-521X>

Aimurzina Baglan; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Higher School of Economics; Astana International University; 010000 Kabanbay batyr Ave., 8, Astana, Kazakhstan; e-mail: aimurzina@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2625-7989>.

Информация об авторах:

Шохан Роза – основной автор; кандидат экономических наук, ассоциированный профессор; доцент кафедры «Туризм»; Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева; 010008 ул. Сатпаева, 2, г. Астана, Казахстан; e-mail: roza-shokan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1005-3769>

Каменова Мазкен; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Дизайн, сервис и туризм»; Университет "Турани-Астана"; 010000 ул. Дукенулы, 29 г. Астана, Казахстан; e-mail: mazken_kamenova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2018-521X>.

Аймурзина Баглан; доктор экономических наук, профессор; профессор Высшей школы экономики; Международный университет Астана; 010000 пр. Кabanбай батыра, 8, Астана, Казахстан; e-mail: aimurzina@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2625-7989>